

«КЕЛІСІЛДІ»  
«Мұғалжар ауданының  
білім бөлімі»  
ММ әдістемелік кабинеті  
*Г.К. Нұрмағанбетова*

«24» *08* 2021 ж.



«БЕКІТЕМІН»  
«Қарлығаш» бөбекжай-  
бақшасы»  
МКҚК меңгерушісі  
*К.С. Медеуова*

«27» *08* 2021 ж.

## Вариативтік компонент

### «Әдептілік - әдемілік»

Бағдарламаны дайындағандар:  
№5 «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешілері  
Ж.О.Кубжанова  
Т.Т.Самаева

Қандыағаш қаласы

## Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие беретін бөбекжай балабақша топтарнда баланың көркемдік талғамын және эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда маңызды орын алатын негізгі бағытының бірі – Әдептілік.

Әдептіліктің жеке адам өмірінде алатын орны:

Әдептілік қағидалары — мінез - құлық нормасы болып табылады. Ал, мінез - құлық - адам бойына сүтпен кіріп, сүйекпен шығатын қасиет. Олай болса, баланы әдептілікке жастайынан баулу керек.

Әуелі бала әдептіліктің не екенін жақсы біліп, ол жайында жеткілікті түсінікке ие болуы қажет. Адам әдептілік туралы дұрыс түсінік пен білімге қанық болғанда ғана оның нормаларына бой ұсынудың қажеттілігіне көз жеткізеді. Әдеп белгілі бір қоғамның рухани қажеттігі негізінде пайда болып, өзіндік белгілері, сипаттары арқылы сол қоғамды құрайтын адамдарды біріктірудің қуатты құралы қызметін атқарады. Демек, әдеп - қоғамдағы келісімді іс - қимылды ажарландыратын тетік, адамдар арасын адамгершілік негізде байланыстыратын қоғамдық құрал. Сондықтан да адамның әдептілігі оның адамдар арасындағы жүріс - тұрысынан, басқалармен қарым - қатынасынан көрінеді. Әдептілік заңы салтанат құрған қоғамның абыройы жоғары, тұрмысы сәнді, тіршілігі шуақты болмақ. Қоғамдағы ең бағалы адам - әдепті адам. Әдепті бала - қоғамның баға жетпес байлығы, әрі мәртебесі. Қай қоғамда әдеп жоғары қойылса, сол қоғамның абыройы жоғары, тұрмысы да бақуатты болады.

Бағдарламаның атты: «Әдептілік әдемілік».

Бағдарлама. Аптасына 1 рет. Сағат саны 36.

Бағдарламаның мақсаты:

А) Білімділік: Әдептілік ережелері, адамгершілік қасиеттері туралы түсінік беру.

Ә) Дамытушылық: Балалардың таным белсенділіктерін, сөздік қорын, ой - өрісін дамыту

Б) Тәрбиелік: Сыйластыққа, бір - бірімен жақсы қарым - қатынас жасай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы»  
МҚКК-ның тәрбиешісі  
Ж.О.Кубжанова, Т.Самаеваның  
«Әдептілік - әдемілік»  
атты бағдарламасына**

**Пікір**

Берілген бағдарлама тақырыбы: «Әдептілік - әдемілік».

Советхан Ғаббас «Халықтық педагогикасының негіздері» атты еңбегі басшылыққа алынған.

Жұмыс негізі ұлттық педагогика мен психология негізін салушы педагог-ғалымдар:

А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұбановтардың еңбектеріне сүйенген.

Негізгі мақсаты-дені сау, сана сезімі оянган, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, бойында игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Бұл бағдарламада ата-баба мұрасын өнер мен өнеге үлгілерінің лайықтыларын баланың құлағына естірте, көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, санасына орнықтыру көзделген. Ата-аналармен бірлесіп әдептілікке, ізеттілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету жұмыстары қолданылған.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүние танымына, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде құрылып; баланың жас ерекшелігі ескерілген. Бүгінгі күн талабына сай баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің, адамгершілік, мәдениетті сөйлей білуі, сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Отанымыздың табиғатын, еліміздің салт-дәстүрінен көптеген мағлұматтар алып танысу мақсатында бірнеше тақырыптар алынған.

Бағдарлама баланың жас ерекшелігіне сай 36-сағатқа құрылған.

### Бағдарламаның мақсаты:

Отбасымен тығыз серіктестік қатынас орната отырып, балада шығармашыл тұлға қалыптастыру мен тәрбиелеу, ұлттық дәстүрді сақтау, балаларды ұлттық мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен таныстыру.

### Міндеттері:

1. Бала өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, дене бітімін нығайту, дене бітімін дамыту, ұлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру. Әр балаға жеке дара тұлға ретінде жеке басына сыйластықпен, түсіністікпен қарау.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет пен халық ауыз әдебиетіне алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру.
3. Тәрбие басы біріншіден әдептілікке үйрету. Екінші баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға баулу. Үшіншіден тіл алғыш, ел ерек, адал, шынықты, ата-ананы үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, сонымен қатар елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.
4. Балабақшамен ата-аналар ынтымақтастыққа жұмыс жүргізу, балаларға тиісті көңіл бөліп, олармен санаса білу арқылы келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** Әр баланың досының болуы достықтың маңызын білуі керек. Үлкенге деген құрмет, сенім, әдептілік арқылы мықты болатынын түсіну. Адамдар бір-біріне қиын жағдай туганда көмектесу керек екенін біледі. Ойынды бірлесіп ұйымшылдықпен ойнайды. Ойларын қорытындылау, танырмалар орындау. Балалар бір-бірімен сыйластық адамгершілікте тіл табыса алады.

Вариативтік сабағының  
Күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Айы	Сағаты
1	Сәлеметсіз бе танысып қояйық	Қыркүйек	1
2	Сиқырлы сөздер әңгімесін оқу		1
3	Саған қонаққа досың келеді		1
4	Қуыршақты киіндіру		1
5	«Шалқан ертегісін сахналау»	Қазан	1
6	«Дәрігердің қабылдануында»		1
7	«Автобуста»		1
8	«Үлкеге құрмет, кішіге ізет»		1
9	«Бауырсақ» қуыршақ театры	Қараша	1
10	«Киім дүкендері»		1
11	«Жасағым келеді, келмейді керек-керек»		1
12	«Үй жануарлары»		1
13	«Мен тамақ ішкенде»	Желтоқсан	1
14	«Біздің ел осындай!»		1
15	«Жақсы деген немесе жаман деген немене?»		1
16	«Әдептілік-әдемілік»		1
17	«Серуенде»	Қаңтар	1
18	«Қонақта»		1
19	«Достық әлемінде»		1
20	«Қуыршақ оянды»		1
21	«Біздің топ»	Ақпан	1
22	«Менің отбасым»		1
23	Адамның көңіл-күйі неге және кімге байланысты		1
24	«Әдептілік мектебі» - қуыршақ театры		1
25	Сыртқы көрініс	Наурыз	1
26	Кітаптарды қалай қолданамыз		1
27	Ойын-сауық «Ертегілер орманында»		1
28	Сен өзіңді қалай ұстар едің		1
29	«Дымбілмес бізге қонаққа келді»	Сәуір	1
30	«Мейірімді істер»		1
31	«Әкенің алқабы»		1
32	«Бейтаныс батырлар туралы әңгіме»		1
33	«Мұны қайталауға болмайды»	Мамыр	1
34	«Үш дос»		1
35	Әр ұлттың адамдарының достығы туралы әңгіме		1
36	«Достық, татулық туралы» ән, тақпақтар		1

№	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Сағат саны
1	«Сәлеметсіңбе, тобым!»	Топтағы арнайы бұрыштарды, бөлмелерді, заттарды атай білуге үйрету, жекеше, көпше түрде атай білуге жаттықтыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1
2	«Қонжық» балабақшасымен танысайық	Балалардың сөздік қорын байыту. Балабақша қайда орналасқаны, қандай екені туралы әңгімелеуді үйрету. Байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру.	1
3	«Балабақшаға саяхат»	Балабақша ішіндегі арнайы бөлмелерді атай білу. Балабақша қызметкерлерімен таныстыру, Құрметтей білуге тәрбиелеу.	1
4	«Үлкенге-құрмет, кішіге – ізет»	Балабақша қызметкерлері, аты-жөні туралы әңгімелеу. Мамандық атауларын дұрыс атай білуге үйрету.	1
5	«Ғажайып дүние»	Тақырып бойынша сөздік қорларын молайту, тамашаға жайып дүниеге тап болып, тіл үйретуге қызығушылығын арттыру, білімдерін жетілдіру.	1
6	«Ойыншықтар әлемі»	Ойыншықтарды атай білуді, шағын өлеңді жаттай білуге үйрету, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	1
7	«Менің сүйікті ойыншығым»	Сөздік қорларын байытып, тіл байлығын жетілдіру, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1
8	«Ойыншығымды мәпелеймін»	Балаларды сәбилік шағынан қарапайым еңбек дағдыларына баулып, еңбек көзқарастар қалыптастыру, еңбекті бағалай білуге үйрету.	1
9	Сюжеттік рөлдік ойын «Дүкен»	Өздерінің ойыншықтарын атай білуге үйрету. Сыпайылық, әдептілік қасиеттерді бойына сіңіру. Бір-бірімен сұхбат құруға бейімдеу, тілге тарту, сөйлесу үлгілерін үйрету.	1
10	«Тазалықты сүйеміз»	Өз денсаулығын ұқыпты қарау, салауатты өмір салтының қажеттілігі туралы түсінік беріп, сөздік қорларын байыту, нақыл сөздерді жаттап алуды үйрету.	1
11	«Әдептілік әдемілік»	Қазақ халқының даналығын сана сезімдеріне күйіп, ұғындыру, әдептілік әліппесін	1

		жаттау,білу,күнделікті өмірде белсенді түрде қолдануға бағыт беру,дағдыландыру.	
12	«Тәртіпті бала»	Балалардың алған білімдерін,өмірден жиған азды-көпті тәжірибелеріне сүйене отырып,тәртіптеріне,мінез*құлықтарына,жағдайларына қарай бейімдету.Балалардың өз ара қарым-қатынастарын тұрақты қажеттілікке айналдыру.	1
13	«Сөз басы-сәлем»	Балалардың бойында адамгершілік,әдептілік сезімдерін дамыту.Оларды адалдық,шыншылдық,ізгілік,қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.Ойын жаттығу кезінде құрбыларымен сыпайы сөйлесу,үлкендерді сыйлау дағдыларын қалыптастыру.	1
14	«Қонақ шақыру»	Балаларды адамгершілік,сыпайылық,сезімде тәрбиелей отырып,оларды қонақ күте білуге үйрету.Қазақ халқының қонақ жайлылық дәстүрін түсіндіру.	1
15	«Сықырлы сөздер»	Балаларды сойлеу,ойнау кезінде сыпайы сөйлеуге,әдептілікке баулу.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.	1
16	«Мейірімділік»	Балалардың бойында мейірімділік қасиетін қалыптастыру.Көмектесу,кішіге үлгі болу,әр нәрсеге Ұқыпты қарау,мейірімділік ,жанашырлықпен қарауға үйрету,айау сезімін ояту.	1
17	«Біз көмекшіміз»	Балаларды еңбекке баулу кезінде іс қимылдарын айта білуге үйрету.Көмекші,қолғанат болу қабілеттерін тәрбиелеу,сөздік өқорларын байыту,бекіту.	1
18	«Менің достарым»	Балалардың бойында бір-біріне деген сыпайылық,әдептілік,кii пейілділік қарым-қатынастарын сіңіріп,сөздік қорларын молайту,жетілдіру.	1
19	«Менің жақындарым»	Балаларды өз отбасы туралы әңгімелей білуге үйрету.Сұрақты түсініпжауап беруге дағдыландыру.	1
20	«Ата мен әже өсиеті»	Отбасындағы қадірліде құрметті атасымен әжесі туралы шағын әңгіме құрауға үйрету.Оларға деген сүйіспеншілік сезімі туралы айта білуге тәрбиелеу.	
21	«Аке асқар	Сөздік қорларын молайту,сөйлеу	1

	тау, ана мөлдір бұлақ»	дағдыларын қалыптастыру, Сұраққа түсініп жауап беруге жаттықтыру.	
22	«Еңбек түбі береке»	Отбасындағы еңбек туралы демелыс күндері туралы әңгімелей білуді үйрету, Сөздік қорды байыту, шағын әңгіме құрауға дағдыландыру.	1
23	«Сүйікті Отаным»	Балалардың сөздік қорын молайту, сөйлем құрай білуді үйрету, тіл мәдениетін жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру.	1
24	«Мемлекеттік рәміздерді құрметтейік»	Балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Сөздік қорларын байыту, есте сақтау және ойлау қабілеттерін арттыру.	1
25	«Желбіреді көк байрақ»	Еліміздің туын сипаттай білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Такпақтар жаттау, ынталандыру.	1
26	«Елдігімнің белгісі»	Еліміздің елтаңбасын сипаттай білу. Байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Тіл мәдениетін жетілдіру.	1
27	«Достығымыз жарасқан»	Достықтың тірігі болған Отанымыздың көп ұлттылығын, ұлттар ынтымақтастығын ұғындырып, түсіндіру. Сөздік қорларын жетілдіру. Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	1
28	«Қазақстан қалаларына саяхат»	Қазақстанның орталық қалаларын атай білуге үйрету. Тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздік қорларын байыту. Туған өлкесін тани білу, мақтаныш сезімдерін ояту.	1
29	«Туған өлкем»	Балаларды өз қаласының көрікті жерлерін атай білуге талпындыру, тіл мәдениетін жетілдіріп, мақтаныш сезімін ұялату.	
30	«Қазақ батырлары»	Балаларды қазақ батырларымен таныстыру, рухани байлығын арттыру, ерлігі мәңгі өшпес батыр аталардың есімдерін жатқа білуге бейімдеу.	1
31	«Өмірімнің бір күні»	Күн тәртібін әңгімелей білуге жаттықтыру, тілін ұстарту, сөздік қорларын молайту, сөйлеу белсенділігін жетілдіру.	1
32	«Деніміз сау болсын»	Балаларды салауатты өмір салтымен таныстырып, сөз байлығын кеңейту, дене тәрбиесі туралы әдеби шығармалар қолдану.	1
33	«Жайрандап жаз келеді»	Сурет бойынша әңгіме құрай білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту, шағын	1

		такпактар жаттап алуға жаттықтыру.	
34	«Жаттығу-жанның тынысы»	Балаларды бой сергіту барысында қимыл қозғалыстарын өлең жолдарына сәйкес айтқызып, тіл байлығын жетілдіру.	1
35	«Тұсау кесу»	Балаларды ұлттық салт-дәстүрмен таныстыруды жалғастыру, тұсау кесу рәсімі туралы білім беру, ұлт жандылыққа тәрбиелеу.	1
36	«Әдепті бала-арлы бала»	«Әдепті бала-арлы бала»	1
Барлығы:			36 сағат

## Қолданылған әдебиеттер

1. «Балбөбек» бағдарламасы бойынша педагогикалық жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері.Әдістемелік құрал Алматы «Арда»2006жыл
2. «Бөбектерге байғазы» хрестоматиясы.
3. «Бала және балабақша журналы 2007-2010 жыл
4. «Балапан журналы »2007-2010 жыл
- 5.Жаманбалинов М.,Дүйсенбейов Ә. Қазак балалар әдебиетінің кітапханасы
- 6.Жүсіпова Д «Аруна баспасы» көркем әдебиет
- 7.Завязкин О.В «Игря ,развиваем»
- 8.Катаева Л.И «Коррекционно-развивающие занятия в ДО.Москва, 2015
- 9.Кел,балалар ойнайық.Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі.Тіл комитеті.Алматы Арда 2006 жыл
- 10.Көркем әдебиет.Алматы кітап 2006 жыл
- 11.ҚР мемлекеттік жалпы білім беру стандартты
- 12.Қайнар мектепке дейінгі балаларды балабақша жағдайында оқыту,тәрбиелеу және дамыту бағдарламасы.Алматы Арда 2006 жыл
- 13.Отбасы және балабақша журналдары 2005-2010 жыл
- 14.Өтегілеу Е «Жаттамақ»
- 15.Толыбаев Қ «Кел ойнайық».